

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау  
министрлігіҚазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2026 жылғы 11 тамыздағы № 91  
бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2026 жылғы 13  
тамызда № 39579 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики  
Казахстан

**«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және  
(немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде  
медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің  
жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан  
Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы  
№ ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21824 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларында:

19, 20, 20-1 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Есепті тоқсанға учаскедегі жүкті әйелдердің санына байланысты ана өлімі индикаторының мәніне  $P_r$  түзету коэффициенті қолданылады:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты  
құжатқа сілтеу QR-коды

1,0 – учаскеде 30 және одан да көп жүкті әйел,

0,8 – учаскеде 20-29 жүкті әйел,

0,6 – учаскеде 10-19 жүкті әйел,

0,4 – учаскеде 9 жүкті әйелден аз,

0 – учаскеде жүкті әйел жоқ.

20. Нәресте өлімі индикаторын есептеу осы Қағидаларға 5-қосымшадағы 2-кестеге сәйкес нозологияларды қоспағанда, МСАК деңгейінде алдын алу туралы Қордың сарапшылары растаған нәресте өлімі жағдайлары болмаған жағдайда, есепті кезеңде мынадай формула бойынша кіші индикаторлардың мәндері бойынша жиынтық жүргізіледі:

$$Ti2 = (Ui2.1 + Ui2.2) * Pc$$

Ti2 – «МСАК деңгейінде алдын алуға болатын нәресте өлімі» индикаторы бойынша жалпы балл саны,

Pc – тоқсан ішінде учаскеде 1 жасқа дейінгі балалар бойынша коэффициент.

Ui2.1 – мынадай формуламен есептелетін, «Босандыру ұйымынан шығарылғаннан кейін алғашқы 3 тәулікте жаңа туған нәрестелерге патронаждың баруын қамту» индикаторы бойынша балл саны:

$$Ui2.1 = PN / D * 100 \%$$

PN – тоқсан ішінде босандыру ұйымынан шығарылғаннан кейін алғашқы 3 тәулікте патронаждың баруымен қамтылған жаңа туған нәрестелер саны,

D – тоқсан ішінде стационардан шығарылған босанған әйелдердің саны.

Нәтижесі:

90 % және одан жоғары – 8 балл

80-89 % - 5 балл

70-79 % - 2 балл

70 %-дан төмен – 0 балл

U2.2 – «Жүктіліктің бірінші триместрінде пренатальды скрининг қызметтерімен қамту» кіші индикаторы бойынша балл саны мынадай формуламен есептеледі:

$$U2.2 = P_s/P * 100 \%$$

$P_s$  – 1 триместрде пренатальды скринингтен өткен, тоқсан ішінде мерзімді пренатальды скринингтен өткен әйелдер саны,

$P$  – тоқсан ішінде бірінші триместрде пренатальды скрининг жүргізуге жататын жүкті әйелдердің саны.

Нәтижесі:

90 % және одан жоғары – 8 балл

80-89 % - 5 балл

70-79 % - 2 балл

70 % - дан төмен – 0 балл.

20-1. Нәресте өлімі индикаторының мәніне есептік тоқсандағы учаскеде 1 жасқа дейінгі балалардың санына байланысты  $P_s$  түзету коэффициенті қолданылады:

1,0 – учаскеде 1 жасқа дейінгі 35 және одан көп бала,

0,8 – учаскеде 1 жасқа дейінгі 25-34 бала,

0,6 – учаскеде 1 жасқа дейінгі 10-24 бала,

0,4 – учаскеде 1 жасқа дейінгі 9 баладан аз,

0 – учаскеде 1 жасқа дейінгі бала жоқ.

21. Аудиологиялық скринингтің екінші кезеңімен қамту индикаторын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$Ti3 = CM/N * 100 \%$$

$CM$  – тоқсан ішінде туған күніне қарамастан, МСАК-та аудиологиялық скринингтің 2-кезеңінен өткен 1 жас, 2 жас, 3 жас және 6 жас аралығындағы балалардың саны,

$N$  – тоқсан ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшадағы 3-кестеге сәйкес аурулар бойынша динамикалық байқаудағы балаларды қоспағанда, учаскеде бекітілген 1 жас, 2 жас, 3 жас және 6 жас аралығындағы балалардың саны (МСАК-тың басқа субъектілеріне бекітуден шыққандарды ескере отырып).

Нәтижесі:

20 % және одан жоғары – 9 балл

15-19 % - 6 балл

10 - 14 % - 3 балл

10 %-дан төмен - 0 балл.»;

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«28. МСАК субъектілерінің аумақтық учаскелерінің деңгейіне дейін БІК сомасын есептеу осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек тарифіне қосымша компонент» цифрлық жүйесінде (бұдан әрі – МКҚК) автоматтандырылған режимде тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 10 күніне дейін, бұл ретте ағымдағы жылдың 4-тоқсанында келесі жылдың қаңтарында жүзеге асырылады.»;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Егер есептік кезеңде аумақтық учаске жағдайында қызметтер көрсететін жұмыскерлерді ынталандыруға арналған БІК сомасы толық көлемде бөлінбесе, онда есептік кезеңдегі БІК сомасының қалдығы индикаторлар сомасы денсаулық сақтау субъектісінің барлық учаскелері бойынша орташа балдан 10%-ға және одан да көп асатын учаскелердің жұмыскерлерін қосымша ынталандыруға комиссияның шешімі бойынша жіберіледі, егер:

Кәсіпкерлік Кодексте айқындалған тәртіппен мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша және «Медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21727 болып тіркелген) сәйкес жүргізілетін ішкі сараптама нәтижелері бойынша пациенттерді қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметі тарапынан анықталған бұзушылықтар болмаған жағдайда;

Қордың аумақтық бөлімшелері медициналық қызметтердің сапасын бақылау бойынша жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша бұзушылықтар болмаған жағдайда.»;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

реттік нөмірлері 9, 10 және 11-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

|    |                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |            |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 9  | 18 жасқа дейінгі аборт жасау жағдайлары                                                                                            | Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі: «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 175 бұйрық) сәйкес уәкілетті орган бекіткен стационардан шыққан адамның статистикалық картасы. Автоматтандырылған цифрлық жүйе – Емхана: № 175 бұйрыққа сәйкес уәкілетті орган бекіткен амбулаториялық пациенттің медициналық картасы. | 2.7-ден аз |
| 10 | Бекітілген халық қатарынан қантты диабеттің асқынуларымен емдеуге жатқызылған науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі                  | СНЭТ: № 175 бұйрыққа сәйкес уәкілетті орган бекіткен стационардан шыққан адамның статистикалық картасы.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Төмендеу   |
| 11 | Бекітілген халық қатарынан созылмалы расталған темір тапшылығы анемиясымен емдеуге жатқызылған науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі | СНЭТ: № 175 бұйрыққа сәйкес уәкілетті орган бекіткен стационардан шыққан адамның статистикалық картасы.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Төмендеу   |

»;

4-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі**

**А. Альназарова**

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі  
2026 жылғы 11 тамыздағы  
№ 91

Бұйрыққа қосымша

Тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемі  
шеңберінде және (немесе)  
міндетті әлеуметтік  
медициналық сақтандыру  
жүйесінде медициналық  
қызметтер көрсететін денсаулық  
сақтау субъектілерінің  
жұмыскерлерін көтермелеу  
қағидаларына  
4-қосымша

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және  
(немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде  
медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау  
субъектісі қызметі нәтижелерінің индикаторлары**

| ин-<br>ди-<br>ка-<br>тор-<br>дың<br>№ | индикатор-<br>дың атауы                                                                           | кі-<br>ші-<br>ин-<br>ди-<br>ка-<br>тор-<br>дың<br>№ | кіші индикатор-<br>дың атауы                                                | Есептеу тәсілі                                                                         |                                                            |                   | Жос-<br>пар-<br>лы<br>мәні | Күті-<br>лін<br>әсер |
|---------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|-------------------|----------------------------|----------------------|
|                                       |                                                                                                   |                                                     |                                                                             | алым                                                                                   | бөлгіш                                                     | кө-<br>бей-<br>ту |                            |                      |
| 1                                     | 2                                                                                                 | 3                                                   | 4                                                                           | 5                                                                                      | 6                                                          | 7                 | 8                          | 9                    |
| 1                                     | Ана өлімі<br>(АӨ болма-<br>ған кезде,<br>есептеу инди-<br>каторлар бой-<br>ынша жүргі-<br>зіледі) |                                                     |                                                                             | Тоқсан ішінде бекі-<br>тілген халық ара-<br>сында ана өлімі<br>жағдайларының са-<br>ны |                                                            |                   | 0                          | Бол-<br>мауы         |
|                                       |                                                                                                   | 1.1                                                 | Жүктілік бойынша<br>және 10 аптаға дей-<br>інгі мерзімде ерте<br>есепке қою | Тоқсан ішінде жүк-<br>тілік бойынша<br>есепке алынған                                  | Тоқсан ішінде есепке<br>алынған жүкті әйелдер-<br>дің саны | 100<br>(%)        | 50%                        | Ұл-<br>ғаю           |

|   |                                                                                                                 |     |                                                                                                                              |                                                                                                                                          |                                                                                                                                                           |         |                |          |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|----------------|----------|
|   |                                                                                                                 |     |                                                                                                                              | жүктілік мерзімі<br>10 апта 6 күн дейін-<br>гі әйелдер саны                                                                              |                                                                                                                                                           |         |                |          |
|   |                                                                                                                 | 1.2 | Жүктілік кезінде алғаш рет экстрагенитальды аурулармен диагностика жасалған жүкті әйелдердің үлес салмағы                    | Тоқсан ішінде жүктілік кезінде алғаш рет ЭГА диагностика жасалған, есепке алынған жүкті әйелдердің саны                                  | Тоқсан ішінде есепке алынған ЭГА бар жүкті әйелдердің саны                                                                                                | 100 (%) | 20 артық емес% | Төмендеу |
|   |                                                                                                                 | 1.3 | Жүктіліктің алдындағы дайындықпен қамтылған жүктілік бойынша есепке алынған әйелдердің үлесі                                 | тоқсан ішінде бұрын жүктіліктің алдындағы дайындықпен қамтылған, жүктілік бойынша есепке алынған әйелдердің саны                         | Тоқсан ішінде есепке алынған жүкті әйелдердің саны                                                                                                        | 100 (%) | 50%            | Ұлғаю    |
|   |                                                                                                                 | 1.4 | Ауыр жағдайда жүкті және босанғаннан кейінгі әйелдердің емделіп шыққан жағдайларының саны (босанғаннан кейін 42 күнге дейін) | тоқсан ішінде ауыр жағдайда емделіп шыққан жүкті және босанғаннан кейінгі әйелдердің саны (босанғаннан кейін 42 күнге дейін)             |                                                                                                                                                           |         | 0              | Болмауы  |
| 2 | МСАК деңгейінде алдын алуға болатын нәресте өлімі (НӨ болмаған кезде есептеу индикаторлары бойынша жүргізіледі) |     |                                                                                                                              | Тоқсан ішінде бекітілген халық арасында сараптамамен расталған МСАК деңгейінде алдын алуға болатын 1 жасқа дейінгі балалар өлімінің саны |                                                                                                                                                           |         | 0              | Болмауы  |
|   |                                                                                                                 | 2.1 | Босандыру ұйымынан шығарылғаннан кейін алғашқы 3 тәулікте жаңа туған нәрестелерге патронажбен барудың қамту                  | Тоқсан ішінде босандыру ұйымынан шығарылғаннан кейін алғашқы 3 тәулікте патронажға бару қамтылған жаңа туған нәрестелер саны             | Тоқсан ішінде стационардан шығарылған босанған әйелдердің саны                                                                                            | 100 (%) | 90%            | Ұлғаю    |
|   |                                                                                                                 | 2.2 | Жүктіліктің 1-ші триместрінде пренатальды скрининг қызметтерімен қамту                                                       | Тоқсан ішінде 1-ші триместрде мерзімді пренатальды скринингтен өткен жүкті әйелдердің саны                                               | Тоқсан ішінде 1-ші триместрде мерзімді пренатальды скринингке жататын әйелдердің саны                                                                     | 100 (%) | 90 %           | Ұлғаю    |
| 3 | Аудиологиялық скринингтің екінші кезеңімен қамту                                                                |     |                                                                                                                              | Тоқсан ішінде МСАК-та аудиологиялық скринингтің 2 кезеңінен өткен 1 жас, 2 жас, 3                                                        | Тоқсан ішінде динамикалық байқаудағы балаларды қоспағанда, учаскеде бекітілген 1 жас, 2 жас, 3 жас және 6 жас аралығындағы балалардың саны (МСАКтың басқа | 100 (%) | 20 %           | Ұлғаю    |

|   |                                                                                   |     |                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                     |                                                                   |         |                      |        |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|---------|----------------------|--------|
|   |                                                                                   |     |                                                                                                                                                                                                                                                                        | жас және 6 жас аралығындағы балалардың саны                                                                         | субъектілеріне бекітуден шыққандарды ескере отырып).              |         |                      |        |
| 4 | Бактериологиялық растауы бар диагностикаланған өкпеде орналасқан туберкулез       |     |                                                                                                                                                                                                                                                                        | Тоқсан ішінде бекітілген халық арасында өкпе туберкулезінің алғаш анықталған жағдайларының саны                     |                                                                   |         | әр жағдай үшін 5 АЕК | Бо-луы |
| 5 | 0-1 сатыдағы қатерлі ісіктердің алғаш рет анықталған жағдайлары                   |     |                                                                                                                                                                                                                                                                        | Тоқсан ішінде бекітілген халық арасында 0-1 – сатыдағы қатерлі ісік диагнозымен алғаш рет анықталған жағдайлар саны |                                                                   |         | әр жағдай үшін 5 АЕК | Бо-луы |
| 6 | Жүрек-тамыр жүйесі ауруларының асқынулары бар науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі | 6.1 | АГ бар науқастарды қамту:<br>1) тығыздығы төмен липопротеидтерді анықтау,<br>2) АКҚ есептеу үшін бір реттік несепте микроальбуминді анықтау,<br>3) АКҚ есептеу үшін бір реттік несепте креатининді анықтау<br>4) ШСЖ есептеу үшін қан сарысуындағы креатининді анықтау | Тоқсан ішінде 4 КД қызмет алған АГ бар пациенттердің саны                                                           | Тоқсан ішінде АГ-мен динамикалық байқаудағы пациенттер саны       | 100 (%) | 20%                  | Ұл-ғаю |
|   |                                                                                   | 6.2 | ЖИА, СЖЖ бар пациенттерді көрсетілетін қызметтермен қамту<br>1) эхокардиография<br>2) ИФТ-әдісімен қан сарысуындағы рго-BNP (натрийуретикалық пептидтер) созылмалы жүрек функциясының жеткіліксіздігінің диагностикасы                                                 | Тоқсан ішінде 1 КД көрсетілетін қызметті алған ЖИА, СЖЖ бар пациенттердің саны                                      | Тоқсан ішінде ЖИА, СЖЖ-мен динамикалық байқаудағы пациенттер саны | 100 (%) | 10%                  | Ұл-ғаю |
|   |                                                                                   | 6.3 | АДҚ-мен қамтылған АГ бар пациенттердің үлесі                                                                                                                                                                                                                           | Тоқсан ішінде АДҚ қамтылған АГ диагнозы қойы-                                                                       | тоқсан ішінде АГ-мен динамикалық байқаудағы пациенттер саны       | 100 (%) | 70%                  | Ұл-ғаю |

|   |                                                                           |     |                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                |                                                                                               |         |      |         |
|---|---------------------------------------------------------------------------|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------|---------|------|---------|
|   |                                                                           |     | 1) гипертензияға қарсы препараттар (бета-блокаторлармен, АӨФ-тежегіштерімен)                                                                                                                                                                      | лған динамикалық байқаудағы пациенттер саны                                                                                                                    |                                                                                               |         |      |         |
|   |                                                                           | 6.4 | АДҚ қамтылған ЖИА, СЖЖ бар пациенттердің үлесі<br>1) антикоагулянттар,<br>2) статин,<br>3) диуретикалық (торасемид және спиронолактон,<br>4) жүрек гликозидтер                                                                                    | Тоқсан ішінде АДҚ қамтылған ЖИА, СЖЖ диагнозы бар динамикалық байқаудағы пациенттердің саны,                                                                   | Тоқсан ішінде ЖИА, СЖЖ динамикалық байқаудағы пациенттер саны,                                | 100%    | 70%  | Ұлғаю   |
|   |                                                                           | 6.5 | Стационардан шығарылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде стационарлық деңгейде алғаш рет анықталған АГ, ЖИА, СЖЖ бар пациенттерді динамикалық байқаумен қамту                                                                                   | Тоқсан ішінде АГ, ЖИА, СЖЖ-мен динамикалық байқауға алынған пациенттердің саны                                                                                 | Тоқсан ішінде АГ, ЖИА, СЖЖ алғаш рет анықталған стационарда емделіп шыққан пациенттердің саны | 100 %   | 90 % | Ұлғаю   |
|   |                                                                           | 6.6 | Тәулік бойы стационарларда жүрек-тамыр жүйесі ауруларының асқынулары бар, АГ, ЖИА және СЖЖ бар динамикалық байқауда тұрғандар қатарынан емделіп шыққандар саны                                                                                    | Тәулік бойы стационарларда жүрек-тамыр жүйесі ауруларының асқынулары бар, АГ, ЖИА және СЖЖ бар динамикалық байқауда тұрғандар қатарынан емделіп шыққандар саны |                                                                                               |         | 0    | Болмауы |
| 7 | II типті қантты диабет асқынулары бар науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі | 7.1 | II типті ҚД бар пациенттерді көрсетілетін қызметтермен қамту:<br>1) қандағы гликирленген гемоглобинді анықтау<br>2) АКҚ есептеу үшін бір реттік несептегі креатининді анықтау<br>3) АКҚ есептеу үшін бір реттік несептегі микроальбуминді анықтау | Тоқсан ішінде 4 ҚД көрсетілетін қызметті алған II типті ҚД бар пациенттердің саны                                                                              | Сол күнгі учаскедегі II типті ҚД бар динамикалық байқауда тұрған пациенттердің саны           | 100 (%) | 20 % | Ұлғаю   |

|  |     |                                                                                                                                                                |                                                                                                                                       |                                                                                                  |         |      |         |
|--|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|------|---------|
|  |     |                                                                                                                                                                | 4) ШСЖ есептеу үшін қан сарысуындағы креатининді анықтау                                                                              |                                                                                                  |         |      |         |
|  | 7.2 | II типті ҚД пациенттерін «офтальмоскопия» көрсетілетін қызметімен қамту                                                                                        | Тоқсан ішінде офтальмоскопия ҚД көрсетілетін қызметті алған II типті ҚД бар пациенттердің саны                                        | Сол күнгі учаскедегі II типті ҚД бар пациенттердің саны (11.3 және 11.7 қоспағанда)              | 100 (%) | 20 % | Ұлғаю   |
|  | 7.3 | АДҚ-мен қамтылған II типті ҚД бар пациенттердің үлесі                                                                                                          | Тоқсан ішінде дәрілік заттармен қамтамасыз етілген II типті ҚД диагнозымен динамикалық байқаудағы пациенттердің саны                  | Сол күнгі учаскедегі II типті ҚД бар динамикалық байқауда тұрған пациенттердің саны              | 100 (%) | 90 % | Ұлғаю   |
|  | 7.4 | Стационардан шығарылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде стационарлық деңгейде алғаш рет анықталған II типті ҚД бар пациенттерді динамикалық байқаумен қамту | Тоқсан ішінде II типті ҚД диагнозымен динамикалық байқауға алынған пациенттердің саны                                                 | Тоқсан ішінде алғаш рет анықталған II типті ҚД бар стационарда емделіп шыққан пациенттердің саны | 100 (%) | 90 % | Ұлғаю   |
|  | 7.5 | Тәулік бойы стационарларда II типті ҚД динамикалық байқауда тұратындар қатарынан II типті ҚД асқынулары бар емделіп шыққандардың саны                          | Тәулік бойы стационарларда II типті ҚД динамикалық байқауда тұратындар қатарынан II типті ҚД асқынулары бар емделіп шыққандардың саны |                                                                                                  |         | 0    | Болмауы |

Пайдаланылатын аббревиатуралар:

АГ - артериялық гипертензия

АДҚ - амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

АЕК – айлық есептік көрсеткіш

АӨ - ана өлімі

АТФ ингибиторлары - ангиотензин түрлендіретін фермент ингибиторлары

ЖИА - жүректің ишемиялық ауруы

ҚД – консультациялық-диагностикалық

ҚД - қантты диабет

---

МСАК – медициналық-санитариялық алғашқы көмек

НӨ - нәресте өлімі

СЖЖ - созылмалы жүрек функциясының жеткіліксіздігі

ЭГА - экстрагенитальдық аурулар